

Кітапхана ақшамы - 2015

Кітапхана – ақыл-ой мен мәдениеттің мекені болса, кітап – өмір ұстазы. Онсыз рухани нәр алу, мәдени, ұлттық құндылықтарымызды меңгеру мүмкін емес.

24 сәуір күні аудандық балалар кітапханасында «Кітаппен ақшамдағы серуен» атты «Кітапхана ақшамы» акциясы өтті. Аталған акция балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған болатын. Мақсаты - кітап оқуды балалар өмірінің бос уақытында өздеріне серік етіп, жаңаша бағытта танымдық бағдарламаларға қатысып, тиімді өткізуге оқырмандарды тартып, оқуға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні кітапхана есігі кешкі сағат алтыдан кейін де ашық болды. Акция алдында бірнеше күн бұрын мектеп оқушыларына шақыру қағазы үлестіріліп, хабарландыру жұмыстары жүргізілді. «Кітапхана ақшамы» акциясы – бұл балалардың көңілін кітапқа аударуға көмектесетін шара.

Аудандық балалар кітапханасының қызметкерлері жас оқырмандарға қызықты бағдарлама құрастырды. Кітапхананың ішін тақырыпқа сай безендірді, терезелер қараңғыланып, түрлі-түсті шамдар құбылып, әлдебір жұмбақ, ертегі әлеміне кіргендей әсер қалдырды. Кешкі кітапханада сиқырдың барлық түрі болуы мүмкін!!! Бұл танымдық көңілді кеш бағдарламасы оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып жасалған. Олардың назарына келесілер ұсынылды: «Ұнайтын кітап беттерінен...», «Сүйікті мерейгер жазушыларымыз – 2015», «Караоке клубындағы кездесу», «Әуенді нұр шашу», «Әдебиет иірімдері», сонымен бірге «Кітаппен бал ашу», «Әсемдік салоны». «Тақпақ айтып лотерея билетін ие» атты шарада, тақпақ айтып, билетке ие болған оқушыларға сыйлықтар берілді. Қатысушылар әдеби викторина

сұрақтарына жауап берді, сүйікті шығармаларын мөнерлеп оқыды, сыған қызы Кассандраға бал аштырып, әсемдік салонында шаштарын сәндеп, макияждың қыр-сырын үйренді.

«Сүйікті мерейгер-жазушыларымыз» кітап көрмесінде биыл мерейтойлары тойлана-



тын жазушылардың кітаптары қойылған. Атап айтсақ, жерлесіміз, балалар жазушысы Қабыкен Мұқышевтың өмірбаяны мен шығармашылығы жайында ақпарат беріліп, «Бақа мен шіркейлер» тақпағынан үзінді оқылды.

«Әуенді нұр шашу» бағдарламасында балалар өлең айтып, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Балалық өлеміне балалар кітабын жақындатуда кітапханашылардың үлесі мол. Жұмыс істеу нысанын өзгерте отырып, кішкентай оқырмандардың сұранысын қанағаттандыруға тырысады. Тек кітап қана біздің алға жылжуымызда, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуіне өлшеусіз ақыл қосады. Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық. Бұл шара жас оқырмандардың өмірлерінде ұмытылмас ғажайып әсер қалдырады деген ойдамыз.

Н.Б. Камиева